

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігінің арасындағы сыбайлас жемқорлық
құқық бұзушылықтарының профилактикасы мәселелері бойынша
ынтымақтастық туралы
МЕМОРАНДУМ**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) атынан Төраға А.Ж. Шпекбаев және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) атынан Министр Е.А. Біртанов, бұдан әрі «Тараптар» деп аталатындар,

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауының және «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа үндеуінің тарихи маңызы мен мәнін назарға ала отырып,

Ұлт жоспары – Мемлекет басшысының бес институционалдық реформасын жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадамды іске асыруды негізге ала отырып,

Қазақстан Республикасы Президентінің жоғары құндылығы адам болып табылатын әлеуметтік мемлекетті құруға бағытталған ауқымды институционалдық реформаларды жаңғыртуға және оларды жүргізуге мемлекеттік бағдарын қолдай отырып,

мемлекет пен қоғамның күшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы шоғырландыру «Қазақстан-2050» Стратегиясының мақсаттарына қол жеткізудің маңызды шартының бірі екенін түсіне отырып,

сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне «мүлдем» төзбеушілік жағдайын жасау және Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету арқылы мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бүкіл қоғамды тарту мақсатында ынтымақтастықты орнатуға ұмтыла отырып,

бірлескен қызмет туралы бірыңғай пікірге келіп, өздерінің құзыреті және өкілеттігі шегінде келісімге қол жеткізді және төмендегілер туралы Меморандум жасасты:

1. Меморандумның мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған, бірлескен және келісілген іс-қимылды әзірлеу және оларды іске асыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлар жою бойынша қабылданатын шаралардың тиімділігін арттыру болып табылады.

2. Меморандумды іске асыру мақсатында:

1) Агенттік:

Министрлікке елдегі және әлемдегі сыбайлас жемқорлықтың жағдайы, денсаулық сақтау саласындағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына жүргізілген талдаудың қорытындылары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмыстың негізгі нысандары мен әдістері туралы ақпарат ұсынуға;

Министрлікке кадрларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мемлекеттік қызметшілердің әдеп және мінез-құлық қағидалары мәселелері бойынша даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға, акциялар, семинарлар және кеңестер өткізу әдіснамасына жәрдемдесуге;

Министрлікте бейнебайланыс режимінде өңірлермен сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың өзекті мәселелерін қарау және шешім қабылдау процестерінің айқындығын күшейту бойынша жылына кемінде бір рет кеңес өткізуге;

өңірдің медициналық ұйымдарында, сондай-ақ Министрліктің 1-2 ведомстволық бағынысты ұйымында Министрлікке оларды жою бойынша шаралар қабылдау үшін ақпарат ұсына отырып, жылына кемінде бір рет сыбайлас жемқорлық қауіптеріне сыртқы талдау жүргізуге ниеттенеді.

2) Министрлік:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 мамырдағы № 309 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарын сапалы іске асыру бойынша барлық қажетті шаралар қабылдауға;

Агенттікті денсаулық сақтау саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидаларын сақтауы, қызметтің ашықтығы мен айқындығын кеңейту бойынша қабылданатын шаралар туралы хабардар етуге;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша шаралардың тиімділігін арттыру шеңберінде Агенттік өткізетін барлық бастамалар мен іс-шараларға белсенді қатысуға;

мемлекеттік органдардың бақылау-қадағалау функцияларын, көрсетілетін қызметтердің лицензияланатын түрлерін және рұқсат беру функцияларын одан әрі оңтайландыруға, лицензиялар мен рұқсаттар алу тәртібін оңайлатуға;

денсаулық сақтау саласында «тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты» азайту және жою бойынша шаралар әзірлеуге;

мемлекеттік органның және оның ведомстволық бағынысты ұйымдарының, оның ішінде «ашық көздерде», сондай-ақ мемлекеттік органдар және денсаулық сақтау ұйымдары басшыларының кірістері мен мүлкі туралы ақпаратты орналастыру арқылы, бюджеттік қаражатты бөлу және оның игерілуі, мемлекеттік сатып алудың ашықтық саясатын жүргізуге;

сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына шағымдану және күдік туған кезде жедел ден қоюға және материалдарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органдарына беруге;

тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, логистикалық және фармацевтикалық қызметтерді сатып алу кезінде сыбайлас жемқорлық қауіптеріне оларды жою бойынша шаралар қабылдаумен жыл сайын ішкі талдау жүргізуге;

жылына кемінде бір рет Министрлік алқасының отырысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін қарауға;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзге де шоғырландырылған нысандары мен әдістерін жасауға ниеттенеді.

3. Тараптардың ынтымақтастығы осы Меморандум шеңберінде:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы өзара қызығушылық тудыратын ақпаратпен жедел алмасу;

2) Меморандумды іске асыру шеңберінде өзара іс-қимылды жүзеге асыратын адамдарды айқындау;

3) тікелей уағдаластықтарға қол жеткізген жағдайда – жұмыс кездесулерін өткізу, бірлескен бағдарламаларды әзірлеу, осы Меморандумды іске асыру мақсатында жұмыс топтарын құру;

4) Тараптардың қызметіне қатысты кез-келген мәселелер бойынша Тараптардың бірінің сұрау салуы бойынша Тараптардың консультациялар өткізу;

5) Тараптардың құзыреті шеңберінде ынтымақтастықтың өзге де нысандарын жүзеге асыру арқылы жүзеге асырылады.

4. Меморандумның ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде даулар және келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды консультациялар және келіссөздер арқылы шешеді.

5. Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Меморандумға оның ажырамас бөлігі болып табылатын және жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.


6. Осы Меморандум екі Тарап қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

7. Осы Меморандум бес жылға жасалады және егер Тараптардың бірі кезекті бес жылдық мерзім өткенге дейін екі айдан кешіктірмей екінші Тарапқа оның қолданысын тоқтату жөнінде өзінің ниеті туралы жазбаша хабарлама жібермесе, келесі бес жылдық кезеңдерге автоматты түрде ұзартылады.

Астана қаласында 2018 жылғы 15 тамызда әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі төлнұсқа данада, Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан жасалды.

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері және
сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл агенттігінің

атынан



(қолы)

А. Шпекбаев

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігінің
атынан



(қолы)

Е. Біртанов